

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ: БҮГІНІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Қырықбаева Инабат

kyrykbayevainabat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А. Қадысқызы

Ежелден бір аумақты мекен еткен этностарды біріктірген құндылықтар – тіл, дін, салт-дәстүр, діл, мәдениет, тарих сынды құндылықтар болғаны даусыз. Кез келген елдің тілі – сол елдің өмір философиясын, оның құндылықтар жүйесін, мінез-құлық стилін, ойлау тәсілін білдіреді. Бүгінде дамыған елдердің басты саяси құндылығы – мемлекеттілігі болса, басты мәдени құндылығы – тілі болып отыр. Тіл – ұлттың өмір сүруінің қажетті шарты. Әрбір ұлттық тіл бірегейлігімен ерекшеленеді. Өзінің лексикалық құрамы мен айтылу тәсілдері жағынан ана тіліміз - қазақ тілі біршама бай. Шешендік өнер қазақ халқының бойына ежелден сіңген қасиет, сол себептен де шебер, кестелі, оралымды, орамды сөз жақсысын халқымыз ерекше қастерлеп, жоғары бағалайды.

Қазақ тілі – көне мәдениеттің мол байлығын сақтаушы ғана емес, қазіргі қазақ тілінің көп ұлтты ортасының өзегі. Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ тілдік мәдениетті сақтауды ескеретін үйлесімді тіл саясатын жүргізді. Қазақстанды өз Отанындай көрген 130-дан астам этностар мен этникалық топтардың ұлттық мүдделерін ескере отырып, тәуелсіз еліміздің тіл саясаты елдегі барлық этностардың тілдік құқықтарының сақталуын, қарым-қатынас, білім алу, оқыту және шығармашылық тілінің еркін таңдалуын қамтамасыз етті. Оның айқын айғағы Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ. Қазақ жері жүзден аса этносты біріктірді. Әрине, осыншама этникалық әртүрліліктің барлығы біртұтас ұлт болуы үшін жақсы іргетас керегі анық. Ал ол іргетасы бүгінде ұлтты тұғырлы ететін басты фактор – мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі қалады [1, 22].

Еліміздегі мемлекеттік тіл саясаты Қазақстанның ұлттық мемлекеттілігін құрудың маңызды саяси құралы болды және бүгінгі күнге дейін солай болып табылады. Оны жүзеге асыруды еліміздің жоғарғы басшылығы қазақстандық қоғамның ұлттық бірлігін нығайту факторы ретінде қарастырады. Қазақстанда қазіргі заманғы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңына (1997 жылғы 11 шілдедегі), Тілдерді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылуда. Мемлекетіміздегі тіл саясатының басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлттық бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ету [2, 37]. Тіл саясаты мемлекеттің ұлттық саясатының маңызды бөлігі болып табылады, сондықтан қазақстандық қоғамда ұлтаралық келісімнің сақталуы оның тиімділігіне тікелей байланысты.

Тұңғыш Президент өзінің халыққа Жолдауында мемлекеттің жаңа саяси бағыты – «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «2025 жылға қарай қазақ тілі барлық жерде үстемдік етеді. Қоғам өміріндегі барлық салаларда жалпыға ортақ қатынас тіліне айналады. Егемендігімізге, тәуелсіздігімізге ұлтты ұйыстыратын, нығайтатын түпкілікті нәрсе – ана

тіліміз. Қазақ тілі – ел егемендігінің белгісіне айналған асыл тәжіміздің басты гауһары» [3,5], - деген болатын.

Қазақстан Республикасындағы этносаясат мәселелерін қамтитын этносаралық қатынастар саясатының маңызды факторларының бірі - мемлекеттік тілдің интеграциялық рөлі. Ел аумағында өмір сүріп жатқан түрлі ұлттар мемлекеттік тіл мәселесіне үлкен көңіл бөліп, оған жан-жақты қолдау көрсетіп келе жатыр. Бүкіл әлемде либералдық саясат жүргізіліп жатқан елдерде мемлекеттік тілді міндетті түрде білудің өте қатаң стандарттары қабылданған. Мәселен, Германияда да, Ресейде де азаматтық алу үшін және еңбек мигранттары үшін орыс тілінен емтихан тапсыру нормасы енгізілген. Қазақстан бұл жағынан өте демократиялық және либералды ұстаным ұстанад [4, 3].

Тіл – өздігінен көбейетін жүйе, өзінің ішкі заңдылықтары бойынша дамиды тірі ағза екені белгілі. Елдегі тілдердің қызметі – бұл нормативтік актілердің көмегімен бір күнде тез өзгертілмейтін әлеуметтік элемент. Ол негізінен инертті және қалыптасқан лингвистикалық дәстүрге байланысты.

Қазақ тілі халықтың тағдырына түскен барлық өзгерістерді өз басынан кешірді. Патшалық империядағы төңкеріске дейін қазақтар Ресей империясы халықтарының арасында алтыншы орында болды. Бірінші кеңес энциклопедиясында қазақтар «КСРО-ның ең ірі түркі тілдес ұлты» болып табылады. РКФСР Ұлттар халық комиссариатының 1920 жылы жасаған есебіне сәйкес, 1916 жылы қазақтардың саны 5,2 миллион адамды құрады. Күштеп ұжымдастыру мен 1932-1933 жылдардағы ашаршылық нәтижесінде 2 миллион қазақ (этникалық топтың үштен бірі) өлді, 1 миллионға жуығы республикадан тыс Қытайға, Иранға және басқа елдерге қоныс аударды. Тың игерудің алғашқы жылдарында қазақтардың саны республика халқының жалпы санының 29 пайызына дейін қысқарды [5, 41]. Сөйтіп, қазақтар өзінің тарихи отанында этникалық азшылыққа айналды. Бұл жағдайда қазақ тілі барған сайын өз орнын жоғалтты. Қазақстанның байырғы халқы оны айтуға ұялатын болды. Ұзақ жылдар бойы дәстүрлі және біртұтас кеңестік жүйеге сәйкес білім беру жүргізілді. 60-жылдары орыс тілі жоғары оқу орындары мен ғылымның негізгі тіліне айналды, қазақ тілінде оқытатын мектептердің саны қысқарды. Осы қиындықтардың бәрін басынан өткерген қазақ тілі өз құндылығын сақтап қала алды. Тіліміздің сақталуына көп күш салған ұлтымыздың зиялы тобы еді. Ауыртпалық жылдарының өзінде аға ұрпақ ана тілін көздің қарашығындай сақтап, жас ұрпақ бойына сіңіре білді. Сонымен қатар, дәл сол бір сұрапыл жылдарда орыстілді ортада өскен ұрпақ қалыптасты. Қостілділік осылайша тарихи дамып, Қазақстан халқының басым бөлігі екі тілде: қазақ және орыс тілінде сөйлейтін болды [6, 3]. Қостілділік – бұл өткеннің бізге берген бәсекелестік артықшылығы, бүгінде ол көптілділік арқылы нығая түсті.

Бүгінде мемлекеттік тіл саясаты Қазақстандағы тілдердің мәртебесі мен тілдік қатынастарды реттеуге бағытталған шаралар мен құралдар кешені ретінде елдегі тілдік ахуалдың негізгі модераторы болып табылады. Тіл зерттеушілері оның бірнеше негізгі үлгілерін анықтайды: тілдік біріздендіру саясаты, тілдерді қолдау саясаты, тілдік бейтараптық саясаты. Осы үлгілердің әрқайсысы іске асыру барысында жергілікті құндылықтар мен тілдік және демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси жаһандану процестері арасындағы қарама-қайшылыққа тап болады. Келешектегі мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудың табыстылығына және халықты тілдерді үйренуге ынталандыруға лингвистикалық және білім беру аспектілерінен басқа, экстралингвистикалық факторлар - интеграциялық процестердің құрамдас бөліктері және көптілділікті қалыптастыруға ықпал ететін халықаралық қатынастар әсер етеді [7, 63].

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясатының негізгі ерекшеліктерін анықтау оның келешектегі жүйелілігі мен нәтижелілігіне кепіл бола алады. Тіл саясатын мемлекет жүргізетіндіктен және міндетті шаралар жүйесін қарастыратындықтан, тіл саясаты орталықтандырылған жүйеде жұмыс жасайды. Сондай-ақ, республикадағы тіл саясаты қалыптасқан тілдік ахуалды өзгертуге бағытталғандықтан, тіл зерттеушілерінің тарапынан келешегі зор деп сипатталады.

Қорытындылап айтқанда, кез келген тілдің қызмет етуінің қажетті шарты оның өзектілігі болып табылады. Еліміз үшін толыққанды және тартымды мәдени ортаны және қазақ тілін білуге деген қызығушылықты оятатын негізді қалыптастырудың маңыздылығы мемлекеттік тіл саясатында жетекші рөл атқарады. Халықтар арасындағы өзара түсіністікті дамыту үшін тілді табиғи жолмен, күш көрсетпей меңгерту керек. Қазақстандағы мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру патриоттық сезімге негізделіп, ешбір жағдайда төзімсіздік пен жағымсыз эмоцияларға негізделмеуі керек. Этнолингвистикалық саясаттың мақсаттарын ойдағыдай жүзеге асыру үшін аса қажырлы, ұзақ мерзімді жұмыс қажет. «Елу жылда – ел жаңа» деген қазақ даналығына сүйеніп, ұрпақтар алмасуында қазақ тілінде сөйлеуге деген құштарлық пен ынта, тілге деген сүйіспеншілік пен құрмет әрбір қазақстандық үшін табиғи үрдіске айналатын уақыт келетініне сеніміміз мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абдығалиев Б. Языковая политика в Казахстане: состояние и перспективы / Б. Абдығалиев // Казахская миссия: сб. ст. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — С. 237–244.
2. Хасанулы Б. Развитие государственного и других языков — фактор демократизации Республики Казахстан / Б. Хасанулы // Вестн. Павлодарского гос. ун-та. Сер. Социологические науки. — № 1. — С. 166–176.
3. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» // Казахстанская правда. – 2012. – 15 декабря.
4. Жангазы Р. Системный подход в реализации государственной языковой политики Республики Казахстан до 2020 года: анализ, стратегия, политика, прогнозы / Р. Жангазы. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://zhangazy.yvision.kz/post/190934>
5. Қазақстандағы тіл саясаты және оны жүзеге асыру жолдары. 2-б.: Халыққа білім беру және мамандық тілі мен кәсіптік тілді дамыту. — Алматы, 1990. — 194 б.
6. Қайран Ә. Тіл саясатының тірегі кімдер? [Мем. тіл мәртебесі туралы] / Ә. Қайран // Қазақ әдебиеті. — 1997. — 25 қараша. — 7 б.
7. Языковая политика в Казахстане (1921–1990 годы): сб. документов / М.К. Айбасова, Р.К. Имажанова и др. — Алматы: Қазақ ун-ті, 1997. — 325 с.

УДК 81

ОБУЧЕНИЕ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В КОНТЕКСТЕ ДИАЛОГА КУЛЬТУР

Мағзұмова Жаннұр Нұрланқызы, Мурзағалиева Аружан Ердосовна

jannur290405@gmail.com, aruzhan_mr2704@mail.ru

Студенты 1 курса «Связь с общественностью»

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,